




Досхан  
ЖЫЛҚЫБАЙ

 doskhan\_zh



# ЖОЛ МЕН ЖӨН

СҮШ ОҚИҒА - ҮШ ТАРАМ

## БІРІНШІ ОҚИҒА.

– Қияметқайым жақын, – деп жеті рет қайталағаннан кейін ғана менің атама қарап сөйлеуге батылым жетті. Алты жасар мен осы бір аурасы ауыр сөздің мәнісін білгім келеді. Мазар тұсынан өткен сайын атамның қабағы түсіп, осы сөзді әрқашан қайталап өтетін. Қария түсініксіз тілде күбірлеп алып бетін сипады да, сөйлеп кетті.

– Адам қабірі – жұмақтың бір бақшасы, не тозақтың бір шұқыры. Күнәсі мен сауабына





байланысты, балам. Қабірдегінің қай-қайсы да қиямет күніне асығады. Қабірі жұмақтың бір бақшасы болғандар жұмақ ғажайыбын тұтас көргісі келіп асығады. Қабірі тозақтың бір шұқыры болып жаны қиналғандар осы бір азаптан құтылуға асығады екен. Сондықтан қиямет күні жақын деп әруақтарды қуантып өту бізге парыз.

Қазақ әруақты осылай сыйлайды. Сыйынбайды. Мазар маңынан өткенде оларға қиямет күнін сүйіншілеп, олардың тілеуін тілеп өтеді. Халқымыз мазарға, қабірге аса қатты мән берген. Заманында сол баба қабірлерімен халқымыз шекарасын да белгілеген. Азаматының сүйегінің жат жерде қалғанына да қазақтай қайғырар халық жоқ шығар. Оның себебін келесі халық танымынан байқаймыз.

Заманақыр болғанда адамдар қабірлерінің үстіне жусан болып өсіп шығады екен дейді қазақ танымында. Сол жусанның басында құрттан көбелекке айналғандай түлеп, кіндігімен жусанға байланып отырады. Ерте жерленгендер ерте түлейді. Сонда жусанның басына ілініп тұрғанында құзғын келіп шоқиды екен. Жақын жерленген адамдар туыс болып, ерте түлегендер кейінгілерді сол құзғыннан қорып отырады. Осы себепті қазақ туыс адамдарды бір-біріне жақын жерлеген. Тіпті кейбір кісілер ерте бастан жерленер жерін сайлап қояды. Осы түсініктен қазақ азаматының сүйегін жат жерде қалдырғысы келмейді.

Халқымыз қабір басын қарайтқанда, міндетті түрде айшық қояды. Мұсылман қабірінің ең үлкен белгілерінің бірі бұл. Ол

біздің көзімізге сіңіп кеткені соншалық, тіпті не үшін екенін білмейміз және сұрамаймыз да. Есіңізге түсіріңіз, ай бейнесі тағы қандай жерлерде бар еді? Мешіт күмбезінде, кейбір мұсылман мемлекеттерінің туында бейнеленеді.

Жалпы айшық мұсылмандық-діни атрибутика болып саналады. Мұхаммед пайғамбар Меккеден Мединеге қоныс аударуға мәжбүр болған. Бұл кез ескі Айдың таусылып келе жатқан тұсы болатын. Әдетте, ескі Айдың бітер кездегі орағы шығыстан батысқа қарап тұрады. Батысқа қарап бара жатқан Айдың осы фазасы мұсылмандардың діни салт-дәстүрінде белгі ретінде алынып, бейіт басына қойылатын салтқа айналған.

Десек те ай бейнесі қазақ танымында ертеден бар. Шалкиіз жырау:

Дулығамның төбесі

Туған айдай болмаса,

Батыршылық сүрмен-ді, – деп жырлайды. Мұсылмандықта айдың соңы болса, мұнда – туған ай. Дулығасының төбесі туған айдай болу деген не мағына береді? Оғыз қаған жырына назар салайық (Оғыз бұқарасының басым бөлігі, оның ішіндегі билеушілері мұсылман дінін қабылдамаған). Жырда Оғыз жорыққа әскерімен аттанғанда әскерінің төбесінен туған ай көрінсе, сол жорықтан қаған жеңіспен оралатыны айтылады. Осы жырдағы түсінікпен келсек, ай қорғаушы саналады. Сонда біздің жоғарыда айтқан «айға» қатысты бар түсінігіміз «қорғаушы» мағынасында. Мешіттің төбесіндегі ай да, зиратқа қойылатын ай да тыныштық күзетшілеріндей. Шалкиіздің «дулығамның төбесі туған айдай болмаса, батыр болмай кетейін» дегені де, елімді қорғай алмасам, батыр болмай кетейін деген түсінікке саяды. Осы тұста қазақтың «Айналайын» деген сөзін есіңізге түсіріңізші. Бұл ата-апаларымыздың «қорғаның болайын» деген мейірлі сөзі екен ғой. Бұл туралы мақаламыздың соңына қарай кеңінен әңгімелейтін боламыз.

Айта кетерлігі, қабірге қойылатын айшықтың жапан далада атқаратын үлкен қызметі болған. Ол – адасқан жанға бағыт көрсетуші. Яки айшық орағының төменгі ұшы – батысқа, жоғары ұшы шығысқа қаратып қойылған.





## ЕКІНШІ ОҚИҒА

Туыс әпкем ұзатылды. Алыс емес, ауыл жігітіне тұрмысқа шықты. Той өтті. Әпкеміз соңындағы сіңлілеріне үкісін үлестіріп, ақ матаның үстімен, жеңгелерінің қолтықтауымен артына қарамай ұзатылып кете барды. Біздің үйде біткен той көрші көшеде жалғасады енді. Жас, желік қуып жүрген шағымыз ғой. Қаладан ауыл тойын аңсап келгенім тағы бар. Жездем дегенім жолдасымдай болып кеткен жігіт еді. Енді сол үйдегі қуанышты, тойды көрмекке көрші көшеге қарай аяңдап келемін. Жолда өзіме туыс сыныптасымды кездестірдім. Менің мән-жайымды ұққан соң:

– Әй, жақын, ұзатып салған әпкеңді алдынан күтіп алмақпысың? Ол жездеміздің туыстарының қуанышы енді. Ұзатылған қыз соңынан ағасы не інісі бармайды. Жеңгесі болсаң бір жөн, – деп тыйып тастады. Желік қуған басыма сонда жетті. Бұл қалалықтардың

жол мен жөнді ұмытқаны ғой. Елге барған сайын жаңалық ашып келеміз. Жаңалық емес, сол жол мен жөнді танып келеді екенбіз ғой...

Осы қыз ұзатып, келін түсірер кездегі көп салтты орындағанымызбен, тағы мәнін түсінбей жасап жатамыз. Автоматты түрде.

Қазақтың ескі жырларын оқи отырып, қос бұрымды сұлу суретін көру мүмкін емес. Анықтап оқысаңыз, барлық сұлуда жалғыз бұрым болған. Бұл – қыз басының бос екенінің, тұрмысқа шықпағанының белгісі. Қос бұрым деген қызға айтылар тіркес беріде, XX ғасыр ақындарынан бастау алғандай. Қос бұрым жұптасқан өмір белгісі саналады. Осылай қазақ әйел адамның әлеуметтік жағдайын анықтап отырған.

Қызды ұзату мен қайтқан адамды үйден шығарып салудың да біршама ұқсастықтары бар. Былай қарағанда екеуі параллель оқиғалар секілді.

Қыз ұзатыларда анасы немесе жеңгелері оның басынан тұз айналдырып алып қалған. Бұл осы үйдің дәм-тұзы қызбен бірге кетпесін деген түсініктен туған. Малдың иесі мен киесі болады. Кейбір ауқатты отбасынан адам қайтыс болса немесе қыз ұзатылса, малынан құт кететін кездері болады. Бұл – малдың иесінің кеткенінің айғағы. Қыз ұзатылғанда малдан құт кетсе, қызының бір бұйымын ұрлатып алатын дәстүр бар.

Үйден қайтқан адамды шығарарда оның басынан тұз айналдырып алып қалған. Бұл туралы Ш.Уәлиханов: «Өлікті үйден шығарарда «Құдайдан бүтін денең алыста» деп үй мүліктерін, тамақты адамның мүрдесінен айналдырып алып қалады», – дейді.

Малдан кие кететін де кездер бар. Әрине, адам малының құты мен киесі осы деп тап басып айта алмайды. Сондықтан біреуге ат мінгізерде жылқының жалынан біраз талын кесіп алып, сілекейіне малып алып қалады. Төрт түліктің осындай жоралғысы бар. Қазақ үйіне түскен қонақ та сол үйдің құтын алып кетпейін деп, сақ отырған. Мысалы, қонақ өзіне тартылған қой басының бір құлағын міндетті түрде сол үйдің баласына береді. Яғни «малдың құлағы өзінде болсын» дегені. Осы тұста, қойдың басының айқышталатынын да



түсіндіріп өткеніміз абзал. Арыға тереңдемей түсіндірсек, төрт жағын бірдей етіп маңдайын айқыштау – қонаққа деген «төрт құбылаң түгел болсын» деген игі тілектен туған.

Қыз ұзатыларында үкісін таратып береді. Қазақ тойлары қазір қайта түлеп келеді ғой. Бұрындары гүл лақтырып жататын. Жалпы айтқанда, екеуінің де мәнісі бір. Тек орындалуы басқа. Орта ғасырларда еуропалықтар қалыңдықтың кез келген заты өзіне құт әкеледі деп сенген. Сондықтан қалыңдық лақтырған гүлге таласады. Ал қазақ қызы тазалықтың белгісі ретінде, саған да жұғысты болсын деп өзінен кейінгі сіңлілеріне үкісін таратып қалдырады.

Қайтыс болған адам соңынан жыртис таратылады. Егер қайтқан адам ұзақ жасаған болса, жасын берсін деп ырымдап алады. Бұл дәстүрдің түпкі мәнінде марқұмның тіріде дос-жарандарына, көрші-қолаңдарына артық-ауыс кеткен алым-берімінің өтеуі, қиямет күнінде, о дүниеде қарыз болмас үшін өтемі ретінде беріледі.

### ҮШІНШІ ОҚИҒА

Кішкентай қызым алты айға толып, ауылдағы ата-әжесіне жолға шықтық. Қаладан «төлбасым (немересінің үлкені) келе жатыр» деп ауру-сырқауын ұмытып кететін апам бұл жолы ауруын мен үшін емес, шөбере үшін ұмытыпты. Шыны керек, әке-шешемді мойындамай, ата-апаның баласы болып жүрген маған бұл жай қатты батты. Не әке-шешенің, не ата-апаның баласы болудан қалдым енді. Әлден уақытта өзімді басып, жеңгемнің қазан көтеріп жатқан ошағына қарап ұзақ тұрдым. Ескі ошақ. Бір бұрышының ағы кеткен, бір бұрышы мүжілген ошақ тұр. Смартфонымды алып суретке түсіргім келді. Жеңгем бірақ түсіртіп үлгертпеді.

– Отсыз ошақты суретке түсірмеші, – деп тыйып тастады. От маздағанда байқадым, отсыз ошақ шын көңілсіз, көріксіз екен.

Иә, қазақ үшін от – тіршілік көзі. Тіпті барлық халықтар үшін солай шығар. Қазақта «оттан аттама», «отқа түкірме», «отты шашпа» деген секілді тыйымдар көп. Әлемнің көп халқында отты тазалаушы ретінде қарастырады. Бірақ славян халықтары оттан



аттап тазаланып жатса, қазақ отты басынан айналдырып, аластайды.

Осы тұста қазақ тыйымдарының бірінің мистикалық астары болса, бірінде жай қауіпсіздік жатқанын айтуымыз керек. «Отты шашпа», «отпен ойнама», «оттан аттама» деген тыйымдар қауіпсіздік үшін айтылған. Ал «отқа түкірме, оны су құйып өшірме» деген тыйымдардың магиялық астары бар. Кейбір уағызшылар қазақтың «отпен ойнама» деген сөзінің астарынан тозақ отын іздеп әлек.

Жә, осындай отбасы айналасында, үй ішінде айтылатын ырым-тыйымдардың мәнісіне тоқталып өтейік.

Қазақ «есіктің жақтауын керме» дейді. «Жаман болады» деген сөзі бар соңында. Жалпы қазақ – қонақжай халық. Қонақ келмесе, құтым толыспайды деп түсінеді. Ал есіктің жақтауын керу үйден қонақты қашырады деп ұққан. Ал қонақсыз үй – құтсыз үй.



«Табалдырықты баспа» дейді. «Жаман боладысы» тағы қосылады. Екі дүние бар. Осы және арғы дүние. Қазақ оның дәл атын атамай, ишарамен «о дүние» деп қояды. Сол екі ортаны бөлетін – табалдырық. Үйдің іші мен даланы бөлетін үйдің табалдырығы іспетті. Халқымыз іштен өлі туған сәбиді табалдырық астына жерлеген. Яғни ол ана дүниенікі де, осы дүниенікі де емес. Көшіп келе жатып осылай туған сәбиді жолайрыққа жерлеген. Әрине, қазіргі күннің көзқарасымен жабайылық көрінетін шығар. Бірақ сол сәби көмілгеннен кейін қазақ көшпей отыра береді деген сөз жоқ. Біршама күн өткеннен кейін киіз үйін басқа жерге тігеді. Негізінен табалдырық астына сәбидің «жолдасын» көметін болған. Ол да қасиетті нәрсе қазақ үшін. Оны да жабайылық санасаңыз, перзентханаларда қалып жатқан балалардың жолдасын ойлаңызшы. Бүгінгі күні оны сұрап та жатпайды ғой.

Сонымен бірге табалдырық астына өлі туған жан иелерін көму тек қазақта ғана емес, әлемнің көп халықтарының танымында бар дүние.

«Табалдырықта тұрма». Табалдырықта тұрып сөйлеу – жаман хабар әкелудің белгісі саналған.

«Табалдырықтың екі жағында тұрып сөйлеспе». Бұл тыйымның да өзіндік жөні бар. Яки табалдырықтың екі жағы – екі әлем. Екі энергия.

«Адамды айналма». Балаларға көп айтылатын тыйым бұл. Жоғарыда айдың қорғаушы екенін айтып өттік. Астрономиялық жағынан алып қарасаңыз да, Ай ғаламшары – Жердің қорғаушысы. Жерге бағыт алған астероид, кометалар Айға құлайды. Сонымен бірге Ай Жерді айналып қозғалады. Міне, осы «қорғаушылық айналу» мотивінен орыс немесе өзге тілдерге аударып болмас «Айналайын» деген сөз шықты. Бұл сөздің астарында қорғаушылықтан бөлек, «бар жамандығыңды, ауруыңды алайын» деген сөз жатыр. Яғни айналу арқылы адамды жаман энергиядан тазарту мотиві бар. Нәресте ауырып, оңалмай жатқанда отбасы мүшелері нәрестенің тілеуін тілеп, соны айналып жүрген. Сол арқылы айтуға тілі жоқ баланың бойына жабысқан жамандықты аламыз деген түсінік болған.

Яғни айналайын деген сөз – ата-апаларға аса жарасымды, жастар оңды-солды айтуға қиындау сөз. Салмағын біле жүріңіз.

Маңдайға күйе жағу. Көзмоншақ тағу. Қызыл мата байлау. Кішкентай баланың маңдайына күйе жағып қоямыз. Көз тимесін дейміз. Немесе көзмоншақ тағылады. Аса діндарлар мұны ширк деп, күйе мен көзмоншақ ештеңеден қорғамайды деп көздері шатынап жатады. Қорғамайды. Оны қорғайды деп те жақпайды қазақ. Ол – жай ғана бала бетіне қараған адамның назарын аударту үшін жасалған дүние.

Көзі тиетін адамдардың болатынын мойындауымыз керек. Оны қазақ «көзі өткір» дейді. Олар өздері біліп кішкентай балаға немесе басқа нәрсеге сұқтанып қарамайды. Бүгінгі ғылым тілімен айтқанда, энергиясы тасыған адамдар бұлар. Қазақ арасында осы қасиетін пайдаланып, мал табатындар да болған екен. Мысалы, атының мықты, бірақ екінші келетініне сенімді атбегілер болған. Олар өз тұлпарынан озатын атты біліп, көзі өткір адамдарды арнайы ертіп барып, сұғанақтықпен жүйрікке қаратып отырған.

Жаңа көлікке қызыл мата байлау, күйе жағу, көзмоншақ секілді дүниенің бәрінің тылсымдығы жоқ. Тек адам назарын аудару үшін жасалатын дүниелер ғана.

### **ТАБУ ЖОЙЫЛСА, ТРАГЕДИЯ БАСТАЛАДЫ**

Табу – атын тура атауға тыйым салынған құбылыс немесе дүниелер ғана емес, ол – ұлттың себепті немесе себепсіз-ақ жасалуы немесе жасалмауы тиіс құбылыстары. Бұл табулардың тәрбиелік күші өте жоғары. Тіпті олар діннің алғышарттары десек те болғандай. Өйткені балаға тозақ пен жұмақты түсіндіре алмайсыз. Ал «жаман болады», «обал болады» деген сөздермен баланың ойын алаңдатуға, тыйып ұстауға болады. Біз осы табулар, ырым-тыйымдар арқылы бала санасында жақсы мен жаманның формуласын жасап шығамыз. Жол мен жөн білетін адам болып шығуына көмектесеміз. Яғни табу жойылған жерде трагедия басталады. Оған дамыған елдердегі тенденцияларға қарап куә болып отырмыз.